

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

ҚР Парламенті Мәжілісінің
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының
депутаттарына

2022 жылғы 28 сәуірдегі
№ ДС-151 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздердің тарифтерді бекітуге, медициналық ұйымдарға көрсетілген қызметтер үшін жалпы және санаттар үшін ақы төлеуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтер тарифтері 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып, ағымдағы жылы бекітілген (2022 жылғы 18 наурыздағы № ҚР ДСМ-26 бұйрық).

Республикалық бюджет комиссиясының отырысында (2022 жылғы 5 сәуірдегі хаттама) өзге персоналдың жалақысын арттыруға қосымша қаражат бөлу туралы мәселе қаралды және қолдау тапты.

Өзге персоналдың жалақысын арттыруға арналған қаражат Денсаулық сақтау министрлігіне ағымдағы жылғы мамырда қосымша бөлінді («2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 12 мамырдағы Заңға сәйкес).

Анықтама үшін: Денсаулық сақтау субъектілеріне толыққанды жұмыс істеу және сапалы медициналық көмекті уақтылы көрсету үшін сатып алу шарты сомасының 30%-ына дейінгі мөлшерде аванс берілді. Бұл қаражат есебінен 4 айлық шығыстар төленді.

2022 жылғы 23 мамырдағы жағдай бойынша 2022 жылдың 1 тоқсанында орындалған медициналық көрсетілетін қызметтер үшін 98,9% ақы төленді.

Ақы төлеу қағидаларына сәйкес денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-мен республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен қаржыландыру жоспарларында көзделген қаражат шегінде және (немесе) қордың активтері есебінен жүзеге асырады.

Өңірлерде шарттық негізде көзделген қаражаттан асып кету жағдайлары орын алуда (*Мәселен, 2022 жылғы 1 тоқсанның қорытындысы бойынша негізінен күндізгі стационар жағдайында емделуге жататын 19 481 науқасқа тәулік бойғы стационар жағдайында жоспарлы түрде аз инвазивті операциялар жүргізілген, одан басқа «Негізсіз емдеуге жатқызу» ақауы бойынша 2021 жылы 10 485 ақау, 2022 жылғы 1 тоқсанда 2 913 ақау анықталды*).

Республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат пен медициналық көрсетілетін қызметтер көлемінің теңгерімін, сондай-ақ пациенттердің жыл бойы медициналық көмекке бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін сызықтық шкала пайдаланылады (*көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының айлық сомасынан асып кеткен жағдайларда ақы төлеу сомасын сапа мен көлемді мониторингтеу нәтижелерін есепке алмай есептеу*).

Бұл ретте сызықтық шкала әлеуметтік маңызы бар көрсетілетін қызметтерге қолданылмайды (*босандыру және 1 (бір) жасқа дейінгі балаларға көрсетілетін қызметтер; гемодиализ және перитонеалдық диализ көрсетілетін қызметтеріне; онкологиялық және туберкулез аурулармен ауыратын науқастарға, лимфоидты және қантүзу тіндерінің қатерлі ісіктерімен ауыратын науқастарға т.б.*).

Қордың сызықтық шкаланы қолдануы бюджет қаражаты мен МӘМС активтерінің шектеулі болуына негізделген.

Анықтама үшін: 2022 жылға арналған медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары бойынша ТМҚКК шеңберінде республикалық бюджеттен барлығы 1 211 182 мың теңге сомасында қаражат, 851 970 мың теңге сомасында МӘМС активтері бөлінген.

Сонымен қатар МӘМС жүйесін енгізуге байланысты денсаулық сақтау саласындағы жыл сайынғы көрсетілетін қызметтер мен қаржыландыру көлемі айтарлықтай ұлғайып келеді, осының негізінде денсаулық сақтау субъектілерін екі көзден қаржыландыру айтарлықтай өсті.

Анықтама үшін: 2021 жылдың қорытындысы бойынша 2019 жылмен салыстырғанда консультациялық-диагностикалық көрсетілетін қызметтер 5 есе ұлғайды, медициналық оңалту бойынша тәулік бойғы стационар жағдайында емделген жағдайлардың өсімі 33%-ды құрады; күндізгі стационарларда медициналық оңалту бойынша емделген жағдайлардың саны 2 еседен астам ұлғайды; жоғары технологиялық медициналық көмек 2 есе артты.

Денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің біліктілік санаттарының жарамдылық мерзімінің аяқталуына байланысты 2022 жылғы наурызда Денсаулық сақтау министрлігі Салалық кәсіподақ ұйымдарымен және Ұлттық денсаулық сақтау палатасымен бірлесіп 2020–2022 жылдарға арналған Салалық келісімге қосымша келісімге қол қойды. Осы Келісім шеңберінде медицина қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін бұрын берілген біліктілік санаттарын (*жоғары, бірінші, екінші*) ескере отырып қамтамасыз ету көзделген.

Бұл ретте 2021 жылдан бастап тарифтер мөлшері өзгеріссіз қалды. Медицина қызметкерлеріне ақы төлеуді медициналық ұйымдар қолданыстағы санаттарын ескере отырып жүзеге асырады.

Осы мәселе бойынша Денсаулық сақтау министрлігі денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларымен және медицина қызметкерлерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтер көлемінің бірнеше рет өсуіне байланысты алдыңғы жылдармен салыстырғанда медициналық ұйымдардың үнемделген қаражатты медициналық ұйымды дамытуға пайдалану мүмкіндігі бар.

Бұдан басқа көрсетілген қызметтер үшін ақы төленуге жататын сома өнім берушімен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша көзделген сомадан асып кеткен жағдайда (*коммуналдық көрсетілетін қызметтер, ғимараттарды, құрылыстар мен жабдықтарды ағымдағы жөндеу, өзге де көрсетілетін қызметтер шығыстарының ұлғаюы*), оны төлеу жергілікті өкілді органның шешімі бойынша жергілікті бюджет қаражатынан жүргізіледі.

Негізгі құралдарды жаңартуға арналған шығындарды тарифтерге қосу 2023 жылдан бастап көзделген.

Е. Тоғжанов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Депутатам фракции
партии «АМАНАТ»
Мажилиса Парламента РК

*На депутатский запрос
от 28 апреля 2022 года № ДС-151*

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно утверждения тарифов, оплаты медицинским организациям за оказанные услуги в целом и за категории, сообщаю следующее.

Тарифы на медицинские услуги, оказываемые в рамках ГОБМП и в системе ОСМС утверждены в текущем году с введением в действие с 1 января 2022 года (*приказ № ҚР ДСМ-26 от 18 марта 2022 года*).

На заседании республиканской бюджетной комиссии (*протокол от 5 апреля 2022 года*) рассмотрен и поддержан вопрос о выделении дополнительных средств на повышение заработной платы прочему персоналу.

Средства для повышения заработной платы прочему персоналу Министерству здравоохранения дополнительно выделены в мае текущего года (*в соответствии с Законом от 12 мая 2022 года «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан» О республиканском бюджете на 2022-2024 годы*).

Справочно. Для полноценного функционирования и своевременного оказания качественной медицинской помощи субъектам здравоохранения выдан аванс в размере до 30% от суммы договора закупа. За счет этих средств оплачены расходы за 4-месяца.

По состоянию на 23 мая 2022 года за медицинские услуги, выполненные в 1 квартале 2022 года оплачено 98,9%.

Оплата услуг субъектов здравоохранения в соответствии с правилами оплаты осуществляется НАО «Фонд социального медицинского страхования» в пределах средств, предусмотренных планами финансирования за счет трансфертов из республиканского бюджета, и (или) за счет активов фонда.

В регионах имеют место случаи превышения средств, предусмотренных на договорной основе (*Так, по итогам 1 квартала 2022 года 19 481 больному, подлежащему приоритетному лечению в условиях дневного стационара, проведены плановые малоинвазивные операции в условиях круглосуточного стационара, кроме того, по дефекту «необоснованная госпитализация» в 2021 году выявлено 10 485 дефектов, в 1 квартале 2022*

года – 2 913 дефектов).

Для обеспечения баланса средств и объема медицинских услуг, выделяемых из республиканского бюджета, а также равного доступа пациентов к медицинской помощи в течение года используется линейная шкала (*расчет суммы оплаты в случаях превышения месячной суммы договора на закупку услуг без учета результатов мониторинга качества и объема*).

При этом линейная шкала не распространяется на социально значимые услуги (*Услуги родовспоможения и детям до 1 (одного) года; услуги гемодиализа и перитонеального диализа; больным онкологическими и туберкулезными заболеваниями, больным злокачественными новообразованиями лимфоидных и кроветворных тканей и др.*).

Применение фондом линейной шкалы обоснованно ограниченностью бюджетных средств и активов ОСМС.

Справочно. Планом закупок медицинских услуг на 2022 год в рамках ГОБМП из республиканского бюджета выделены всего средств на сумму 1 211 182 тыс. тенге, активов ОСМС на сумму 851 970 тыс. тенге.

Вместе с тем, с внедрением системы ОСМС значительно увеличиваются объемы ежегодных услуг и финансирование в сфере здравоохранения, на основе чего значительно возросло финансирование субъектов здравоохранения из двух источников

Справочно: по итогам 2021 года по сравнению с 2019 годом консультативно-диагностические услуги увеличились в 5 раз, рост пролеченных случаев в условиях круглосуточного стационара по медицинской реабилитации составил 33%; дневных стационарах увеличилось количество пролеченных случаев по медицинской реабилитации более чем в 2 раза; высокотехнологичная медицинская помощь увеличилась в 2 раза.

В связи с истечением срока действия квалификационных категорий работников здравоохранения в марте 2022 года Министерством здравоохранения совместно с Отраслевыми профсоюзными организациями и Национальной палатой здравоохранения подписано дополнительное соглашение к Отраслевому соглашению на 2020 – 2022 годы. В рамках данного Соглашения предусмотрено обеспечение должностных окладов медицинских работников с 1 января 2022 года по 31 декабря 2022 года с учетом ранее присвоенных квалификационных категорий (*высшая, первая, вторая*).

При этом с 2021 года размеры тарифов остались неизменными. Оплата медицинским работникам осуществляется медицинскими организациями с учетом имеющихся квалификационных категорий.

По данному вопросу Министерством здравоохранения проводится разъяснительная работа с руководителями и медицинскими работниками организаций здравоохранения.

В связи с многократным ростом объема медицинских услуг, оказываемых в рамках ГОБМП и в системе ОСМС в сравнении с предыдущими годами медицинские организации имеют возможность использовать сэкономленные средства на развитие медицинской организации.

Кроме того, в случае превышения суммы, подлежащей оплате за оказанные услуги, над суммой, предусмотренной по договору закупки услуг с поставщиком

(увеличение расходов на коммунальные услуги, текущий ремонт зданий, сооружений и оборудования, иные услуги), выплата производится из средств местного бюджета по решению местного представительного органа.

Включение в тарифы затрат на обновление основных средств предусмотрено с 2023 года.

Е. Тугжанов

Исп. Куспекова Г.Е. 75-00-02